

ЖЕТЕКШІНІҢ

ПІКІРІ

Дипландық жоба

(жұмыс түрінің атауы)

Жұмарбек Димона Әдібекұлы

(білім алушының аты-жөні)

6B04302 - "Құрылыс инженериясы"

(мамандық атауы және шифр)

Тақырып:

Түркістан облысындағы Ардама ауылының
серік жабдықтау

Дипландық жобада су шығыны,
сорап таңдау, гидравликалық есептер және т.б.
жұмыстар атқарылды. Атқарылған жұмыстар
нәтижелері және қарастырылған техникалық
шешімдер берілген тапсырысқа тәуелді сәйкес
келеді. Орынданған есептеулер дәлдігімен тәуел-
ділік ауысында орындаушының дайындық деңгейі
бекітілген.

Студент Жұмарбек Димона Әдібекұлы
дипландық жобасы тәуелді орынданған, пайдаланылған
программаларды тәуелді иерді.
Дипландық жоба "85" баллға бағаланды.

Жетекші

Айтжанов А.Н.

(қолы)

«24»

05

2023 ж.

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Дильназ Құмарбек

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Түркістан облысындағы Ақдала ауылын сумен жабдықтау..docx

Научный руководитель: Амирхан Хойшиев

Коэффициент Подобия 1: 4.4

Коэффициент Подобия 2: 0.7

Микропробелы: 37

Знаки из здругих алфавитов: 10


Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- ☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- ☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- ☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- ☐ Обоснование:

Дата 31.05.2023г

проверяющий эксперт


**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті
директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагияттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

Автор: Дильназ Құмарбек

Тақырыбы: Түркістан облысындағы Ақдала ауылын сумен жабдықтау..docx

Жетекшісі: Амирхан Хойшиев

1-ұқсастық коэффициенті (30): 4.4

2-ұқсастық коэффициенті (5): 0.7

Дәйексөз (35): 0.1

Әріптерді ауыстыру: 10

Аралықтар: 0

Шағын кеңістіктер: 37

Ақ белгілер: 0

Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :

☒ Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.


☐ Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

☐ Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

Негіздеме:

Күні 31.05.20232

Кафедра меңгерушісі



Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Дильназ Құмарбек

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Түркістан облысындағы Ақдала ауылын сумен жабдықтау..docx

Научный руководитель: Амирхан Хойшиев

Коэффициент Подобия 1: 4.4

Коэффициент Подобия 2: 0.7

Микропробелы: 37

Знаки из других алфавитов: 10

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:


☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата 31.05.2022

Заведующий кафедрой


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

6B07302 – «Құрылыс инженериясы»

Құмарбек Дильназ Әділбекқызы

Түркістан облысындағы Ақдала ауылын сумен жабдықтау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

6B07302 – «Құрылыс инженериясы»

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., қауым. проф.
Алимова К.К.
“ 25 ” 05 2023 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Түркістан облысындағы Ақдала ауылын сумен жабдықтау»

6B07302 – «Құрылыс инженериясы»

Орындаған

Құмарбек Д.Ә.

Рецензент

ТОО "Түркістан облысындағы Ақдала ауылын сумен жабдықтау" компаниясының директоры
Хойшиев А.Н.
“ 24 ” 05 2023 ж.



Жетекші

техн. ғыл. канд., қауым. проф.
Хойшиев А.Н.
“ 24 ” 05 2023 ж.

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

6B07302 – «Құрылыс инженериясы»

БЕКІТЕМІН

ИЖЖЖ Кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., қауым. проф.

Алимова К.К.

«13» 01 2023ж.

**Дипломдық жобаны орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Құмарбек Дильназ Әділбекқызы

Тақырыбы : Түркістан облысындағы Ақдала ауылын сумен жабдықтау

Академиялық мәселелер жөніндегі проректорының 2022 жылғы «23» қараша
№408-П/Ө бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі: 2023 жылғы «23» мамыр

Дипломдық жобаның бастапқы деректері: Ақдала ауылының бас жобасы, ауыл
туралы негізгі мәліметтері мен ауылдың климаттық параметрлері

Дипломдық жобада әзірлеуге жататын мәселелер тізімі:

а) Негізгі бөлім: тұрғындардың есептік су пайдалану шығындарын анықтау,
магистральдық су құбыры желісінің гидравликалық есебі сумен жабдықтау
ғимараттарын таңдау;

б) Құрылыс өндірісінің технологиясы: күнтізбелік жоспар, жұмысшылардың
қозғалыс графигі;

в) Экономикалық бөлім: келтірілген шығын есебі, негізгі технико-экономикалық
көрсеткіштер.

Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбаларды дәл көрсете отырып):

1) Ақдала ауылының бас жоспары; 2) Үшінші сақинаның монтаждық сұлбасы;
3) Ұңғыма сұлбасы; 4) Арынды мұнара; 5) Технологиялық карта

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 10 атаудан


Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, зерттеп дайындалатын мәселелер тізімі	Жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлім	16.01.2023-20.03.2023	орындамд
Құрылыс өндірісінің технологиясы	24.03.2023-20.04.2023	орындамд
Экономикалық бөлім	20.04.2023-1.05.2023	орындамд


Аяқталған дипломдық жоба үшін, оған қатысты бөлімдердің жобасын
көрсетумен, кеңесшілер мен норма бақылаушының қойған
қолдары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, тегі, аты, әкесінің аты, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Құрылыс өндірісінің технологиясы	А.Е. Алимбек техн.ғыл.магистрі,аға оқытушы	24.04.2023	
Экономикалық бөлім	А.Н. Хойшиев техн.ғыл.канд.,қауым. проф.	02.05.2023	
Норма бақылаушы	А.Н. Хойшиев техн.ғыл.канд.,қауым. проф.	24.05.2023	

Жетекші

 Хойшиев А.Н.

Білім алушы тапсырманы орындауға алды

 - Құмарбек Д.Ә.

Күні

« 26 » 01 2023 ж.

АНДАТПА

Ұсынылып отырған дипломдық жоба тақырыбы «Түркістан облысындағы Ақдала ауылын сумен жабдықтау». Жобада қозғалатын басты мәселе – Ақдала ауылының тұрғындарын таза әрі қолжетімді сумен қамтамасыз ету. Жұмыс барысында ауылды сумен жабдықтау көзі анықталып, су құбыры желілерінің гидравликалық есептері, халықтың есептік су шығындары мен су беру мен су тазалау құрылғыларының есептеулері жүргізілді.

Құрылыс жинақтау технологиясы бөлімі бойынша құбырларды орнатуға көмек беретін көлік түрлері таңдалып, олардың өнімділігі анықталды.

Экономикалық бөлімде жобаны іске асыруға кететін есептік пайдалану шығындары есептелді.

АННОТАЦИЯ

Предлагаемая тема дипломного проекта "Водоснабжение поселка Ақдала в Туркестанской области". Главная проблема, которая будет затронута в проекте-обеспечение жителей села Ақдала чистой и доступной водой. В ходе работы был определен источник водоснабжения села, проведены гидравлические расчеты водопроводных сетей, расчетные расходы населения на воду и расчеты водоподачи и водоочистных сооружений.

По отделу технологии строительства были выбраны виды транспорта, которые помогут в монтаже трубопроводов, определена их производительность.

В экономической части рассчитаны расчетные эксплуатационные расходы на реализацию проекта.

ABSTRACT

The proposed topic of the diploma project is "Water supply of Akdala in Turkestan region". The main problem that will be addressed in the project is the provision of clean and affordable water to the residents of the village of Akdala. In the course of the work, the source of the village's water supply was determined, hydraulic calculations of water supply networks were carried out, the estimated costs of the population for water and calculations of water supply and water treatment facilities.

According to the department of construction technology, the types of transport that will help in the installation of pipelines were selected, their performance was determined.

In the economic part, the estimated operating costs for the implementation of the project are calculated.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 Негізгі бөлім	8
1.1 Ақдала ауылына қысқаша сипаттама	8
1.2 Орналасу орны мен климаттық жағдайы	8
1.3 Тұрғындардың есептік су пайдалану шығындары	9
1.4 Өнеркәсіп орнының қажеттіліктері мен сусеберге кететін су шығынын анықтау	13
1.5 Елдімекенді көгалдандыруға кететін шығындарды анықтау	14
1.6 Өрт сөндіру қажеттіліктеріне кететін су шығындарын анықтау	14
1.7 Магистральдық су құбыры желісінің гидравликалық есебі	15
1.8 Ұңғымалар санын анықтау	17
1.9 Ұңғыма сорабын таңдау	19
1.10 Ұңғымаға арналған сүзгіні таңдау	20
1.11 Суды зарарсыздандыруға арналған қондырғыны таңдау	21
1.12 Арынды мұнараның биіктігі мен көлемін анықтау	23
1.13 Санитарлық қорғау аумақтары	24
2 Құрылыс өндірісінің технологиясы	26
2.1 Орындалатын жұмыстардың өндіріс ауқымы мен негізгі құрылыс машиналарын таңдау	27
2.2 Бульдозердің жұмыс өнімділігін анықтау	30
2.3 Экскаватордың жұмыс өнімділігін анықтау	32
3 Экономикалық бөлім	34
3.1 Жер жұмыстарының есептік шығындары	34
3.2 Жалпы есептік эксплуатациялық есептік шығындар	34
ҚОРЫТЫНДЫ	36
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	37
ҚОСЫМША	38

КІРІСПЕ

Қазіргі заманғы техникалық салалардың ішінде сумен жабдықтау елді-мекендердің тұрмыс жағдайын жақсарту және адамдардың өмір сүру деңгейін көтеру мақсатында және өндірісті дамыту бағытында үлкен әрі маңызды орынды алады.

Сумен жабдықтау өз алдына әртүрлі пайдаланушыларды табиғи су көздерінен алу және оны тазарту арқылы ауыз сумен, одан бөлек басқа да қажеттіліктеріне арналған су қорымен қамтамасыз етуге кешенді іс-шараларды ұсынады. Өнделмеген су құрамында көптеген жұқпалы ауру тудыратын зиянды заттар болғандықтан, ауылды сумен сумен қамтамасыз етерден бұрын, оның гигиеналық тұрғыдан таза әрі сапалы екендігіне көз жеткізу қажет.

Сумен жабдықтау жүйелері елді-мекен мен өндірісте қолданылуымен қатар, ауыл шаруашылығында оның ішінде егін шаруашылығында ауқымды орынды алады. Демек, елдімекенді керекті су көлемімен жабдықтау оның жалпы абаттандыру деңгейін жоғарылатуға демеу береді. Ал бұл мақсатқа қол жеткізу үшін ең алдымен, табиғи су көзін мұқият таңдау керек, сондай-ақ оны ластанудан сақтау керек және де су алу ғимараттарында суды керекті тазалаудан, зарарсыздандырудан өткізуді талап етеді.

Алдыға қойылған мақсат, яғни тақырыпқа сәйкес елдімекенді сумен жабдықтау тапсырмасы сәтті орындалуы үшін, тиянақты жобалауды іске асыру – ең басты міндет. Сондықтан да, жобалау кезінде халық саны арқылы белгілі болатын пайдаланылатын су мөлшері немесе көлемі және әр сала бойынша су тұтыну режимдері секілді ақпараттарды нақты анықтау маңызды болып табылады.

Жоғарыда айтып өткендей жобалаудың дұрыстығына қол жеткізу үшін суды табиғи көздерден алу, оны тазарту, тасымалдау мен тұтынушыларға жеткізу қызметтерін атқаратын ғимараттар кешенінің мінсіздігіне мән беру де басты міндеттер қатарына кіреді.

1 Негізгі бөлім

1.1 Ақдала ауылына қысқаша сипаттама

Ақдала ауылы - Түркістан облысы Арыс қалалық әкімдігіне қарасты ауыл, Ақдала ауылдық округінің орталығы. Ол Арыс қаласынан 6 км-дей жерде орналасқан.

1999 жылғы деректер бойынша Ақдала ауылының тұрғындар саны 2569-ды құрады, оның ішінде 1312 ер адам және 1257 әйел адам. Ал 2009 жылғы ұлттық санақ бойынша тұрғын саны 2822 адамға жетті. Оның қатарында 1420 ер адамдар, 1402 әйел адамдар болды.

2021 жылғы дәйектерге сүйенетін болсақ, ауылдағы халық саны 4335-ті құрады.

Ауыл ішінде 1 мектеп, 1 балабақша, 1 амбулатория мен 1 әкімшілік секілді административті ғимараттар бар. Онымен қоса, 2008 жылдан бері бастау алған мақта өсіру компаниясы мен «Қазына-Жер LTD» атаулы сүт фермасы орналасқан. Тұрғындардың басым көпшілігі егін егумен айналысады. Елдімекен жерінің көп бөлігіне жүгері, жоңышқа, сүрлем секілді өсімдіктер мен дақылдар егілген.

1.2 Орналасу орны мен климаттық жағдайы

Ауыл Қазақстанның оңтүстігінде, Тұран ойпатының шығыс бөлігінде және Тянь-Шаньның батыс жоталарында орналасқан. Аумақтың көп бөлігі жазық, Қызылқұм, Шардара даласының және Мойынқұмның таулы-жоталы құмдары бар.

Аймақ күрт континентальды климат аймағында орналасқан. Құнарлы топырақтар, күн сәулесінің көптігі, кең жайылымдар осы аймақтағы ауыл шаруашылығының әртүрлі салаларын, ең алдымен суармалы егіншілік пен жайылымдық қой шаруашылығын дамытуға үлкен мүмкіндіктер туғызады.

Климаттық жағдайы: континенттік, қысы қысқа, жұмсақ, қар жамылғысы жұқа, тұрақты емес.

Қаңтар айының жылдық орташа температурасы солтүстік бөлігінде минус 7 – 9 градус, оңтүстігінде минус 2 – 4 градус. Суық мезгіл 3,3 айға созылады, 24 қарашадан 1 наурызға дейін, ең төменгі орташа тәуліктік температура 9 градустан төмен.

Жаз мезгілі ұзақ, ыстық, құрғақ. Шілде айының жылдық орташа температурасы 25 – 29 градус. Ыстық маусым 3,7 айға созылады, 24 мамырдан 15 қыркүйекке дейін, максималды орташа тәуліктік температура 29 градустан жоғары.

Шөлді аймақта жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 100 – 150 мм, тау алдында 300 – 500 мм, биік таулы бөлігінде 800 мм. Жылдың жаңбырлы бөлігі 8,2 айға созылады, 4 қазаннан 10 маусымға дейін, 31 күндік жылжымалы кезеңде кем дегенде 13 миллиметр жаңбыр жауады. Жауын-шашынның ең көп мөлшері білінетін ай - сәуір, жауын-шашынның орташа мөлшері 35 миллиметр.

Желдің орташа сағаттық жылдамдығы наурыз бойы іс жүзінде өзгермейді, барлық уақытта 0,3-11,7 км/сағ плюс немесе минус шегінде қалады.

Шілдеде, жылдың ең желді күнінде желдің орташа тәуліктік жылдамдығы сағатына 16,3 шақырымды құрайды, ал 21 желтоқсанда жылдың ең тыныш күнінде желдің орташа тәуліктік жылдамдығы сағатына 10 шақырымды құрайды.

1.3 Тұрғындардың есептік су пайдалану шығындарын анықтау

Тұрғындардың есептік су пайдалану шығындарына тұрмыстық-шаруашылық, ауыз су шығыны, елді-мекенді көгалдандыруға кететін су шығыны, өрт сөндіруге жинақталатын су шығыны мен ауылдағы өндіріс орындарының техникалық және шаруашылық су шығындары кіреді.

Ең алдымен ең керекті шама ол - елдімекендегі тұрғындар саны. Оны анықтау үшін мына формула қолданылады, адам:

$$N = F \cdot P, \quad (1.1)$$

мұндағы F – елдімекеннің ауданы, га;

P – елдімекен бойынша берілген ақпаратқа сәйкес тұрғындардың 1 гектарға шақ тығыздығы, адам/га.

$$N = 182,6 \cdot 25 = 4565 \text{ адам.}$$

Адам санын анықтап алғаннан кейін есептеулерге қажетті басты су шығындарын анықтап алу қажет болады.

Елді-мекен бойынша орташа тәуліктік тұрмыстық-шаруашылық шығынды табу үшін төменде көрсетілген формула пайдаланылады, $\text{м}^3/\text{тәу}$:

$$Q_{\text{тәу}}^{\text{орт}} = \frac{q \cdot N}{1000}, \quad (1.2)$$

мұндағы q – елдімекендегі 1 тұрғынның меншікті су шығыны, 2-ші абаттандыру дәрежесіне сәйкес, $\text{л}/\text{тәу}$;

N – тұрғындар саны.

$$Q_{\text{тәу}}^{\text{орт}} = \frac{180 \cdot 4565}{1000} = 821,7 \text{ м}^3/\text{тәу}.$$

Әр кварталдағы тұрмыстық су шығынын А.1-кестеден көре аламыздар.

Жоғарыда айтып өткен тұрғындардың ауыз су және шаруашылыққа кеткен басқа да су шығындарының тәуліктегі максимум және минимум мәндерін келесі формулалар көмегімен анықтауға болады, м³/тәу:

$$Q_{\text{тәу}}^{\text{max}} = K_{\text{тәу}}^{\text{max}} \cdot Q_{\text{тәу}}^{\text{орт}}, \quad (1.3)$$

$$Q_{\text{тәу}}^{\text{min}} = K_{\text{тәу}}^{\text{min}} \cdot Q_{\text{тәу}}^{\text{орт}}, \quad (1.4)$$

мұндағы $K_{\text{тәу}}^{\text{max}}$ және $K_{\text{тәу}}^{\text{min}}$ – су тұтынудың тәуліктік жоғарғы және төменгі біркелсіздік коэффициенттері. $K_{\text{тәу}}^{\text{max}} = 1,1 - 1,3$, $K_{\text{тәу}}^{\text{min}} = 0,7 - 0,9$.

$$Q_{\text{тәу}}^{\text{max}} = 1,2 \cdot 821,7 = 986,04 \text{ м}^3/\text{тәу},$$

$$Q_{\text{тәу}}^{\text{min}} = 0,8 \cdot 821,7 = 657,36 \text{ м}^3/\text{тәу}.$$

Су тұтынудың ең жоғарғы және ең төменгі сағаттардығы тұрмыстық-шаруашылық қажеттіліктеріне кететін есептік су шығыны $q_{\text{сағ}}^{\text{max}}$, $q_{\text{сағ}}^{\text{min}}$, м³/сағ, төменде келтірілген формулалармен анықталады, м³/сағ:

$$q_{\text{сағ}}^{\text{max}} = K_{\text{сағ}}^{\text{max}} \cdot \frac{Q_{\text{тәу}}^{\text{max}}}{24}, \quad (1.5)$$

$$q_{\text{сағ}}^{\text{min}} = K_{\text{сағ}}^{\text{min}} \cdot \frac{Q_{\text{тәу}}^{\text{min}}}{24}, \quad (1.6)$$

мұндағы $K_{\text{сағ}}^{\text{max}}$ және $K_{\text{сағ}}^{\text{min}}$ су тұтынудың сағаттық тұрақсыздығының максималды және минималды коэффициенттері. Оларды мына формулалар арқылы анықтаймыз:

$$K_{\text{сағ}}^{\text{max}} = \alpha_{\text{max}} \cdot \beta_{\text{max}}, \quad (1.7)$$

$$K_{\text{сағ}}^{\text{min}} = \alpha_{\text{min}} \cdot \beta_{\text{min}}, \quad (1.8)$$

мұндағы α – ғимараттарды жақсарту дәрежесі, кәсіпорындардың жұмыс істеу режимін және басқа жергілікті жағдайларды ескеретін коэффициент, $\alpha_{\text{max}}=1,2-1,4$, $\alpha_{\text{min}}=0,4-0,6$;

β – елді-мекен тұрғындарының санын есепке алатын коэффициент, $\beta_{max}=1,5$, $\beta_{min}=0,2$.

$$K_{ca\phi}^{max} = 1,2 \cdot 1,5 = 1,8,$$

$$K_{ca\phi}^{min} = 0,5 \cdot 0,2 = 0,1.$$

Осыдан шығады:

$$q_{ca\phi}^{max} = 1,95 \cdot \frac{986,04}{24} = 80,1 \text{ м}^3/\text{сағ},$$

$$q_{ca\phi}^{min} = 0,1 \cdot \frac{657,36}{24} = 2,74 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

Шаруашылыққа кететін су шығынын А.2-кестеден көре аласыздар.

Қабылданып отырған нысан аумағында орналасқан ғимараттардың қосымша су шығындары, менің жағдайымда мектептің, амбулатория мен әкімшіліктің тәуліктік су шығындарын анықтаймыз.

Мектеп үшін жұмсалатын орташа тәуліктік су шығынын былай анықтау қажет, $\text{м}^3/\text{тәу}$:

$$Q_{\text{орт.тәу}}^M = \frac{q_0^M \cdot N_M}{1000}, \quad (1.9)$$

мұндағы q_0^M – мектептегі 1 адамның су тұтыну мөлшері, л;

N_M – мектеп оқушылары мен қызметкерлер саны, адам.

$$Q_{\text{орт.тәу}}^M = \frac{11,5 \cdot 841}{1000} = 9,6 \text{ м}^3/\text{тәу}.$$

Балабақшада пайдаланылатын орташа тәуліктік су шығыны мынаған тең, $\text{м}^3/\text{тәу}$:

$$Q_{\text{орт.тәу}}^6 = \frac{q_0^6 \cdot N_6}{1000}, \quad (1.10)$$

мұндағы q_0^6 – балабақшадағы 1 адамның су тұтыну мөлшері, л. Шикізатпен жұмыс жасайтын асханалар, сонымен бірге автоматты кір жуғыш машиналармен жабдықталған кір жуатын орындары бар болғандықтан, 75 л/тәу-не тең;

N_6 – балабақша тәрбиеленушілері мен қызметкерлер саны, адам.

$$Q_{\text{орт.тәу}}^6 = \frac{75 \cdot 230}{1000} = 17,25 \text{ м}^3/\text{тәу}.$$

Амбулатория жұмсайтын орташа тәуліктік су шығынын дәл солай анықтаймыз, м³/тәу:

$$Q_{\text{орт.тәу}}^a = \frac{q_0^a \cdot N_a}{1000}, \quad (1.11)$$

мұндағы q_0 – амбулаториядағы 1 адамның су тұтыну мөлшері, л;
 N_a – қызметкерлер мен күнделікті орташа есеппен алынған пациенттер саны, адам.

$$Q_{\text{орт.тәу}}^a = \frac{13 \cdot 70}{1000} = 0,91 \text{ м}^3/\text{тәу}.$$

Келесі, әкімшілік орнында шығындалатын орташа тәуліктік су шығыны анықталады, м³/тәу:

$$Q_{\text{орт.тәу}}^a = \frac{q_0^a \cdot N_a}{1000}, \quad (1.12)$$

мұндағы q_0 – әкімшіліктегі 1 адамның су тұтыну мөлшері, л;
 N_a – қызметкерлер саны, адам.

$$Q_{\text{орт.тәу}}^a = \frac{10 \cdot 22}{1000} = 0,22 \text{ м}^3/\text{тәу}.$$

Бастапқыда жазып кеткендей, елдімекенде сүт фермасы бар. Бұл нысанның су шығыны келесі жолмен анықталады, м³/тәу:

$$Q_{\text{орт.тәу}}^{\text{сүт ф.}} = n \cdot M, \quad (1.13)$$

мұндағы n – сүт фермасында 1 т өнімге жұмсалатын су мөлшері, 12 м³;
 N – тәуліктегі өнім саны, т.

$$Q_{\text{орт.тәу}}^{\text{сүт ф.}} = 12 \cdot 2 = 24 \text{ м}^3/\text{тәу}.$$

Есептік максималды және минималды секундтық су шығындарын келесі жолмен табамыз, л/сек:

$$q_{\text{сек}}^{\text{max}} = \frac{Q_{\text{сф}}^{\text{max}}}{3,6}, \quad (1.14)$$

$$q_{\text{сек}}^{\min} = \frac{Q_{\text{caf}}^{\min}}{3,6}. \quad (1.15)$$

Нәтижесі бойынша:

$$q_{\text{сек}}^{\max} = \frac{80,1}{3,6} = 22,25 \text{ л/сек},$$

$$q_{\text{сек}}^{\min} = \frac{2,74}{3,6} = 0,76 \text{ л/сек}.$$

1.4 Өнеркәсіп орнының қажеттіліктері мен сусеберге кететін су шығынын анықтау

Ақдала елдімекенінде 1 ғана өндіріс орыны бар ол – сүт фермасы. Өндірісте 167 адам қызмет етеді. Бұл бөлім бойынша фермадағы тұрмыстық, технологиялық қажеттіліктерге кететін шығын және сусеберге кететін шығындарды анықтаймыз.

Ауысым бойынша жұмысшылардың шаруашылық қажеттіліктеріне арналған су шығыны былай анықталады, м³/тәу:

$$Q_c = \frac{q_c \cdot N_c}{1000}, \quad (1.16)$$

$$Q_{\text{ы}} = \frac{q_{\text{ы}} \cdot N_{\text{ы}}}{1000}. \quad (1.17)$$

мұндағы q_c , $q_{\text{ы}}$ – әр ауысымдағы ыстық цех пен салқын цехте жасайтын 1 жұмысшының су тұтыну мөлшері. Сәйкесінше олар салқын цехте 25 л, ыстық цехте 45 литрге тең болады;

N_c , $N_{\text{ы}}$ – салқын цех пен ыстық цехтегі жұмысшылар саны.

Нәтижесінде есептеулер мынаған тең:

$$Q_c = \frac{25 \cdot 84}{1000} = 2,1 \text{ м}^3/\text{тәу},$$

$$Q_{\text{ы}} = \frac{45 \cdot 83}{1000} = 3,74 \text{ м}^3/\text{тәу}.$$

Сусеберге кететін орташа тәуліктік шығын ең жоғары ауысымдағы жуынатын жұмысшылардың санынан анықталады. 1 сусебермен қолданатын жұмысшылар санын өндірістің санитарлық сипаттамасына сүйене табылады. Ал сусебер үшін кететін шығынды анықтау үшін келесідей есептеймі, м³/тәу з:

$$Q_{\text{сусебер}} = \frac{0,375 \cdot n_{\text{сб}}}{a}, \quad (1.18)$$

мұндағы $n_{\text{сб}}$ - сусебер қолданушылар саны;
 $a - 1$ сусебермен қолданушылар саны.

$$Q_{\text{сусебер}} = \frac{0,375 \cdot 50}{6} = 3,1 \text{ м}^3/\text{тәу}.$$

Осы бөлімше бойынша толық есептеулер А.3-кестеде көрсетілген.

1.5 Елдімекенді көгалдандыруға кететін шығындарды анықтау

ҚН нормаларына сәйкес жасыл алқап елді-мекеннің 6 пайыз, ал көшелер аумағы 5 пайызын құрайды. Осы ақпаратқа сәйкес, жасыл алқапты суаруға кететін тәуліктік су шығындарын келесі көрсетілген формуламен есептейміз, $\text{м}^3/\text{тәу}$:

$$Q_{\text{к.тәу}} = q_{\text{к.тәу}} \cdot \frac{N}{1000} \cdot 0,15, \quad (1.19)$$

мұндағы N – ауыл тұрғындарының саны;
 $q_{\text{к.тәу}}$ – 1 адамның суаруға жұмсайтын су шығыны, орташа есеппен $q_{\text{к.тәу}} = 50-90 \text{ м}^3/\text{тәу}$;
 $0,15$ – су құбыры желісінен көгалдандыруға бөлінетін суды есепке алатын коэффициент.

Сондағы нәтиже:

$$Q_{\text{к.тәу}} = 65 \cdot \frac{4565}{1000} \cdot 0,15 = 44,5 \text{ м}^3/\text{тәу}.$$

1.6 Өрт сөндіру қажеттіліктеріне кететін су шығындарын анықтау

Өрт сөндіруге кететін су шығындарын анықтау үшін ең алдымен, ҚН ҚР 4.01.03 – 2013 бойынша тұрғындар санына байланысты бір уақытта болатын өрт саны 1-ге тең екендігін және өрт сөндіруге арналған су шығыны 10 л/сек. Тең болатындағын анықтап алдық. Өрт сөндірудің ұзақтығы 3 сағатқа тең.

Өрт сөндіруге кететін жалпы шығынды төменде көрсетілген формула арқылы анықтаймыз, $\text{м}^3/\text{сағ}$:

$$Q_{\text{өрт}} = Q_{\text{i.өрт}} + Q_{\text{с.өрт}}, \quad (1.20)$$

мұндағы $Q_{\text{i.өрт}}$, $Q_{\text{с.өрт}}$ – ішкі және сыртқы өрт сөндіруге кететін су шығыны, л/с.

Ішкі өрт сөндіруге кететін су шығыны $Q_{\text{i.өрт}}$ сыртқы өрт сөндіру шығынының 25 пайызын құрайды.

Сыртқы өрт сөндіруге арналған су шығынын анықтау кезінде келесі формула пайдаланылады, л/с:

$$Q_{\text{с.өрт}} = n \cdot q_{\text{с.өрт}}, \quad (1.21)$$

мұндағы n - бір уақытта болатын өрт саны;

$q_{\text{с.өрт}}$ - өрт сөндіруге арналған су шығыны, л/с

$$Q_{\text{с.өрт}} = 1 \cdot 10 = 10 \text{ л/с.}$$

Жауап нәтижесінің өлшем бірлігі м³/сағ ретінде керек болғандықтан төмендегі есептеу бойынша л/с-тан м³/сағ-қа айналдырамыз:

$$Q_{\text{с.өрт}} = 10 \cdot 3,6 = 36 \text{ м}^3/\text{сағ.}$$

Сонымен, өрт сөндіруге кететін жалпы су шығынының мәні мынаған тің болады:

$$Q_{\text{өрт}} = 9 + 36 = 45 \text{ м}^3/\text{сағ.}$$

Тәуліктегі су шығынының толық есебі А.4-кестеде есептелінген.

1.7 Магистральдық су құбыры желісінің гидравликалық есебі

Жолдық өтімді анықтау үшін, ауыз су қажеттілігі мен көгалдандыруға жұмсалатын су шығынындарының қосындысын барлық су құбырының ұзындықтарының қосындысына қатынасымен сипатталатын меншікті су шығынын $q_{\text{м.ш.}}$, л/сағ анықтап аламыз. Оның формуласы:

$$q_{\text{м.ш.}} = \frac{Q_{\text{сағ.мах}}}{\Sigma l}, \quad (1.22)$$

мұндағы $Q_{\text{сағ.мах}}$ – елді- мекендегі жалпы сағаттық су шығыны, л/сағ;

Σl – құбырлардың жалпы ұзындығы, 13167 м.

$$q_{\text{м.ш.}} = \frac{80,1}{13167} = 0,0006 \text{ л/сағ.}$$

Әрбір аумақтың жол-жөнекей су шығынын былай анықтаймыз, л/с:

$$q_{\text{ж-ж}} = q_{\text{м.ш.}} \cdot l_a, \quad (1.23)$$

мұндағы l_a – аумақтың магистральдық жүйесінің ұзындығы, м.

Түйіндік есептік су шығыны мына формула бойынша анықталады, л/с:

$$q_{\text{түй}} = 0,5 \cdot \Sigma q_{\text{ж-ж}} + q_{\text{шоғ}}, \quad (1.24)$$

мұндағы $q_{\text{ж-ж}}$ – аумақтың жол-жөнекей су шығыны, л/с;

$q_{\text{шоғ}}$ – үлкен су тұтынушылардың су шығыны, л/с.

Сағат тілі бойымен бағытталған бөліктегі арын жоғалуды плюс деп, ал кері бағыттағыны минус деп алғандағы алгебралық қосынды мәні нөлге тең болу қажет, яғни:

$$\Sigma \pm \Delta h = 0. \quad (1.25)$$

Су құбыр торабының бөліктеріндегі су мөлшерін нақтылау үшін бірнеше түзету жүргіземіз. Әр торапқа суды үлестіру үшін су мөлшері көп жерден аз жерге қосу арқылы үлестіру қажет. Ол үшін Δq , л/с үлестіру су мөлшерін анықтап алу қажет. Оны келесі формуламен анықтап алу қажет:

$$\Delta q = \frac{\Delta h}{2 \Sigma \frac{h}{q}}, \quad (1.26)$$

мұндағы Δq – үлестіру су мөлшері, л/с;

Δh - үлестіру арыны, м;

h - арын, м;

q – су мөлшері, л/с.

Осы бөлімше бойынша толық есептеулер А6, А7 - кестелерде көрсетілген.

1.8 Ұңғымалар санын анықтау

Дипломдық жоба бойынша сумен жабдыкталатын ауылды су көзімен қамту үшін жер асты су көзі таңдалды. Ұңғыма учаскесінде таңдалған орын

келесі сипаттамаларға ие болуы керек: сулы қабаттың болуы, ыңғайлылық (су алу тұрғысынан), су құбыры жүйесін орналастыру мүмкіндігі, бұрғылауға және одан әрі қызмет көрсетуге арналған арнайы техниканың кіреберісі мен жабдықты орнату мүмкіндігі, санитарлық нормалар мен талаптарға сәйкестігі, электр желілері мен жерасты инженерлік желілерінің болмауы.

Жобаланатын пайдалану ұңғымаларының саны тәулігіне сумен жабдықтау объектісінің су қажеттілігін қамтамасыз ету шартынан есептеледі:

$$n_0 = \frac{Q}{t \cdot q_0 \cdot S}, \quad (1.27)$$

мұндағы Q - сумен жабдықтау объектісінің тәулігіне су шығыны, м³/тәу;
 t – ұңғыманың тәулік ішінде жұмыс істеу уақыты, 24 сағат деп қабылдаймыз;

q_0 – ұңғыманың меншікті су шығыны, су деңгейінің 1 м төмендеуіне м³/сағ;

S – сорып шығару кезінде ұңғымадағы су деңгейінің максималды төмендеуі.

Бірінші жеткізуде су деңгейінің есептік төмендеуінің мәні келесі өрнекпен анықталады:

$$S = (0,25 - 0,4) \cdot H, \quad (1.28)$$

мұндағы H – сулы қабаттағы судың статикалық арыны, м, 120 м деп қабылдаймыз.

$$S = 0,25 \cdot 120 = 30 \text{ м.}$$

$$n_0 = \frac{821,7}{24 \cdot 1,3 \cdot 30} = 0,87 \approx 1.$$

Ең соңында, ұңғымадағы су деңгейінің төмендеу тереңдігін анықтаймыз, м:

$$S_0 = \frac{Q}{t \cdot q_0 \cdot n}, \quad (1.29)$$

Практикалық тереңдігі:

$$S_0 = \frac{821,7}{24 \cdot 1,3 \cdot 1} = 26 \text{ м.}$$

Жұмыс жасап тұрған ұңғымадан бөлек қосалқы тағы бір резервті ұңғыма керек болғандықтан, жалпы ұңғыма саны мынаған тең, дана:

$$n = n_0 + n_{\text{рез}}, \quad (1.30)$$

$$n = 1 + 1 = 2 \text{ дана.}$$

Есептеу барысында белгілі болған 1 ұңғымаға тиісті дебитті анықтаймыз, м³/сағ:

$$Q'_{\text{ұңғ}} = \frac{Q_T}{n_0}, \quad (1.31)$$

мұндағы Q_T – тапсырыс берушінің су шығыны, м³/сағ.
Нәтижесінде:

$$Q'_{\text{ұңғ}} = \frac{20,1}{1} = 20,1 \text{ м}^3/\text{сағ.}$$

Ендігі кезекте ұңғыма суының деңгейлік есептік төмендеуін анықтау керек. Ол үшін алдымен меншікті дебитті тауып аламыз, ол мына формуламен жүзеге асады:

$$q = \frac{Q'_{\text{ұңғ}}}{S}, \text{ м}^3/\text{сағ.} \quad (1.32)$$

мұндағы $Q'_{\text{ұңғ}}$ – ұңғыма дебиті, м³/сағ.;

S – деңгей төмендеуі, м.

Есептеу нәтижесі былай:

$$q = \frac{110}{30} = 3,6 \text{ м}^3/\text{сағ.}$$

Ендігі кезекте бізге арынды су қабат үшін рұқсат етілген төмендеуді есептеу қажет, м:

$$S_{\text{рұқ}}^H \leq H - (0,3 - 0,5) \cdot m + \Delta H_H + \Delta H_\Phi, \quad (1.33)$$

мұндағы H – ұңғымадағы судың статикалық деңгейі мен сулы қабатының табаны арасындағы айырмашылықтары, м;

m – сулы қабаттың қуаттылығы, м;

ΔH_n – ұңғымада сорапты динамикалық деңгейге дейін батырылу тереңдігі ($\Delta H_n = 5 - 10$ м); ;

ΔH_ϕ – сүзгіге кіре берісте ұңғымада арынның жоғалу көрсеткіші ($\Delta H_\phi = 0,5 - 1,5$ м).

Рұқсат етілген төмендеу деңгейі бұл мезетте есептік деңгей төмендеуден мәні үлкен болуы қажет, яғни:

$$S \leq S_{\text{рұқ}}^H, \quad (1.34)$$

Сонда:

$$S_{\text{рұқ}}^H = 120 - (0,5 \cdot 23 + 10 + 1,5) = 97 \text{ м.}$$

Шарттың орындалуын тексеру керек:

$$30 \text{ м} \leq 97 \text{ м.}$$

1.9 Ұңғыма сорабын таңдау

Көптеген жағдайларда өздігінен ағып кетпейтін артезиан ұңғымалары динамикалық су деңгейіне жіберілетін суасты электр сорабымен жабдықталады.

Бізге сай келетін керекті сорапты таңдау үшін оның арыны мен шығынын есептеп аламыз.

Ұңғымалық сораптың су шығыны мына өрнекпен анықталады, м³/сағ:

$$Q_n = \frac{Q}{t \cdot n_p}, \quad (1.35)$$

мұндағы Q - сумен жабдықталатын объектінің тәуліктік су шығыны, м³/тәу;

t - ұңғыманың тәулік ішінде жұмыс істеу уақыты;

n_p – жұмыс жасап тұрған артезиан ұңғымаларының саны.

$$Q_n = \frac{821,7}{24 \cdot 2} = 16 \text{ м}^3/\text{сағ.}$$

Сораптың толық арыны келесі формула есебімен анықталады:

$$H_n = B - BH + h_w, \quad (1.36)$$

мұндағы B – ұңғымадан су беру белгісі;

BH - динамикалық су деңгейінде орналасқан сораптың шектік белгісі;
 h_w – су құбырындағы арын жоғалту, 2-4 м тең етіп қабылдаймыз.

$$H_n = 250 - 201 + 4 = 53 \text{ м.}$$

Q_n , H_n мәндері арқылы таңдалған сорап маркасы – ЭЦВ6-16-75 сорабымен жүргізіледі: өнімі— 16 м³ / сағ, арыны – 75 м, қозғалтқыш қуаты — 5,5 кВт, салмағы – 70 кг, диаметрі мен ұзындығы – 145 және 1355 мм.

1.10 Ұңғымаға арналған сүзгіні таңдау

Кез келген конструкцияның сүзгілеріне мынадай жалпы сипаттағы талаптар қойылады: сүзгі жеткілікті механикалық беріктікке және коррозияға қарсы тұрақтылыққа ие болуы, ең жоғары (кемінде 20-25 пайыз) ұңғымаға және тесіктердің шекті рұқсат етілген өлшемдеріне ие болуы тиіс (пайдалану кезінде ұңғыманың беріктігі мен құмдауын болдырмау шарттарына сәйкес).

Сулы қабаттың пайда болу тереңдігі жеткілікті терең болғандықтан, біз құбырлы сүзгіні аламыз, онда су қабылдайтын беті раманың бүйір беті ретінде қызмет етеді.

Осылайша, бұл дизайндағы сүзгінің негізі рамка болып табылады, ол өзі су қабылдайтын сүзгі беті ретінде қызмет етеді. Сүзгінің ең сыртқы диаметрі, m , мына формула бойынша анықталады:

$$D_c = \frac{Q}{\pi \cdot \vartheta_c \cdot l_c}, \text{ м,} \quad (1.37)$$

мұндағы Q – ұңғыма дебиті, м³/сағ;

l_c – сүзгінің жұмыс істейтін бөлігінің ұзындығы, 0,5-0,8 м аралығында аламыз;

ϑ_c - сүзудің рұқсат етілген шығу жылдамдығы, м / сағ, мына формула бойынша анықталады:

$$\vartheta_c = 65 \sqrt[3]{K_c}, \text{ м/тәу,} \quad (1.38)$$

мұндағы K_c – сулы топырақты сүзу коэффициенті, 9 деп қабылдаймыз.

Сондағы, шыққан нәтиже:

$$\vartheta_c = 65 \sqrt[3]{9} = 135 \text{ м/тәу,}$$

$$D_c = \frac{90}{3,14 \cdot 135 \cdot 0,7} = 0,303 \text{ м.}$$

Таңдалып алынған торлы сүзгі маркасы – ФПК-310: сыртқы диаметрі – 310, ішкі диаметрі – 260, ұзындығы – 2035, тесік ені – 1 плюс минус 0,2, салмағы – 55,3 кг, ұңғымалығы – 21 пайыз, осьтік жүктеме – 80 кг.

1.11 Суды зарарсыздандыруға арналған қондырғыны таңдау

Жер астынан шығатын суды зарарсыздыру үшін таңдалатын ең тиімді әдіс – хлорлау болып табылады. Хлорлау 2 кезеңнен тұрады. Екі кезеңде шығындалатын хлордың тәуліктік шығынын мынаған тең деп аламыз:

$$C = \frac{Q_{\text{тәу}} \cdot M_{\text{хл}}}{1000}, \text{ кг/тәу,} \quad (1.39)$$

мұндағы $Q_{\text{тәу}}$ – зарарсыздандырылатын су шығыны, м³/тәу;

$M_{\text{хл}}$ – керекті хлор мөлшері, мг/л. Бастапқы хлорлауда кететін мөлшер – 5 мг/л, екінші хлорлауда – 3 мг/л.

Хлор мөлшері:

$$C = \frac{986,04 \cdot 8}{1000} = 8 \text{ кг/тәу.}$$

Орнатылатын баллондардың саны белгілі болу үшін келесі формуланы қолдану керек, дана:

$$n_{\text{бал}} = \frac{C}{24 \cdot S_{\text{бал}}}, \quad (1.40)$$

мұндағы C – хлордың 1 сағаттық шығыны, кг/сағ;

$S_{\text{бал}}$ – ауа температурасы 18 градус болғанда 1 баллоннан хлорды жылытусыз алу мөлшері, 0,5-0,7 кг/сағ аралығында қабылдаймыз.

$$n_{\text{бал}} = \frac{8}{24 \cdot 0,5} = 0,78 \approx 1 \text{ дана.}$$

Хлордың үш тәуліктік қорын алдын-ала дайындау керек болғандықтан, хлорлау бөлмесіне тағы бір резервтік баллон қосамыз. Сондағы бөлмедегі жалпы баллондар саны:

$$n_{\text{ж.б.}} = 1 + 1 = 2 \text{ дана.}$$

Біз сұйық хлорды катушка түріндегі буландырғыштардағы газға айналдырамыз. Алынған хлор газы балшық цилиндрі арқылы хлор мөлшерленген хлораторларға өтеді. Хлораторлардан хлорлы су шығады және өңделген суға беріледі.

Бастапқы хлорлау хлораторларының жұмысына қажетті су шығынын формула бойынша анықтауға болады:

$$Q_{1\text{хл}} = \frac{M_{1\text{хл}} \cdot Q_{\text{тәу}} \cdot k_{\text{хл}}}{1000}, \text{ м}^3/\text{тәу}, \quad (1.41)$$

мұндағы C – хлордың 1 сағаттық шығыны, кг/сағ;

$k_{\text{хл}}$ - хлораторлардың жұмысы үшін судың нақты шығыны 1 кг хлорға 0,6 м³-ке тең деп қабылданды.

$$Q_{1\text{хл}} = \frac{5 \cdot 986,04 \cdot 0,6}{1000} = 3 \text{ м}^3/\text{тәу}.$$

Екінші хлорлау:

$$Q_{2\text{хл}} = \frac{M_{2\text{хл}} \cdot Q_{\text{тәу}} \cdot k_{\text{хл}}}{1000}, \text{ м}^3/\text{тәу},$$

$$Q_{2\text{хл}} = \frac{3 \cdot 986,04 \cdot 0,6}{1000} = 1,7 \text{ м}^3/\text{тәу}.$$

Ақдала ауылына берілетін суды зарарсыздандыру үшін S10k маркалы вакуумды хлораторлар таңдалып алынды. S10k диспенсері-газды аз тұтынуға арналған мөлшерлеу жүйесі. Вакуум реттегіші тікелей цилиндрге (контейнерге) орнатылады, бұл газ қысымын вакуумға дейін төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл қондырғының қуаты аз және муниципалды және өнеркәсіптік сумен жабдықтау және кәріз жүйелерінде, жүзу бассейндерінде және әртүрлі салалар үшін технологиялық суды тазарту жүйелерінде суды тазарту және дезинфекциялау кезінде үнемді газбен қамтамасыз етуге арналған.

Бұл мөлшерлеу жүйесі хлор, аммиак, күкірт диоксиді, көмірқышқыл газын мөлшерлеуге арналған. Оны кез келген жабдықпен қолданудың әмбебаптығы баллондар, коллекторлар және тонна резервуарлар үшін монтаждау конфигурацияларының икемділігімен қамтамасыз етіледі.

1.12 Арынды мұнараның биіктігі мен көлемін анықтау

Арынды мұнара келесі мақсаттарға арналған:

- Сорап бекеті арқылы резервуарыңызды жақын жердегі су көзінен, соның ішінде жер асты сулы қабаттарынан сумен толтыру.
- Оны елді мекеннің, өнеркәсіптік, ауыл шаруашылығы объектісінің қажеттіліктері үшін дербес сумен жабдықтау жүйесіне өз қысымымен беру үшін.
- Суды сақтау үшін.
- 5 мыңнан аз тұрғыны бар елді мекендерді қорғау үшін.
- Өрт сөндіруге арналған су шығыны 10 л/с аспайтын кез келген мақсаттағы объектілер.

Арынды мұнара багінің сыйымдылығын өрт сөндіруге қажетті қосалқы су қоры мен реттеуші көлемнің қосындысы арқылы анықтаймыз:

$$W_M = W_p + W_{\theta}, \text{ м}^3, \quad (1.42)$$

мұндағы W_p – су мұнара багіндегі судың реттеуші көлемі, м^3 ;

W_{θ} – 10 минуттық өртті сөндіруге керекті су көлемі, м^3 .

Реттеуші көлемді ең жоғарғы тәуліктік су шығынының мәнімен және судың бакқа келуі және кетуі пайызына байланысты аламыз, яғни:

$$W_p = \frac{\% \cdot Q_{\text{тәу}}^{\text{max}}}{100}, \text{ м}^3. \quad (1.43)$$

Реттеуші көлем мынаған тең:

$$W_p = \frac{14,19 \cdot 986,04}{100} = 134 \text{ м}^3.$$

10 минуттық өртті сөндіруге керекті су көлемін келесі формуламен анықтауға болады:

$$W_{\theta} = \frac{10(Q_{i.\text{өрт}} + Q_{c.\text{өрт}})60}{1000}, \text{ м}^3, \quad (1.44)$$

мұндағы $Q_{i.\text{өрт}}$, $Q_{c.\text{өрт}}$ – ішкі және сыртқа өртті өшіруге арналған су шығыны, л/с.

$$W_{\theta} = \frac{10(10+2,5)60}{1000} = 7,5 \text{ м}^3,$$

$$W_M = 134 + 7,5 = 141,5 \text{ м}^3.$$

Арынды мұнараның биіктігі мына өрнектің көмегімен анықталады:

$$H_M = (z_M - z_c) + H_e + \Sigma h_{c+M} \quad (1.45)$$

мұндағы z_M – берілген нүктедегі жер бедерінің белгісі, м;
 z_c – су мұнарасы орнатылған жердің белгісі, м;
 Σh_{c+M} – су мұнарасынан белгіленген нүктеге дейінгі арын жоғалту, м.

H_e – құрылыстың қабат санын есепке алатын еркін арын, м оны мына формуламен анықтайды:

$$H_e = 10 + 4(n - 1). \quad (1.46)$$

Сонда,

$$H_e = 10 + 4(1 - 1) = 10 \text{ м.}$$

Нәтижесінде арынды мұнара биіктігі мынаған тең:

$$H_M = (254 - 250) + 10 + 11,71 = 24,71 \text{ м.}$$

Таңдалып алынған арынды мұнара маркасы - ВБР 160-25. Параметрлері: бак көлемі – 160 м³, бак диаметрі – 3020 мм, биіктігі – 25000 мм.

Арынды мұнараның көлемін анықтау А.5-кестеде көрсетілген.

1.13 Санитарлық қорғау аумақтары

Санитарлы қорғау аймағы негізгі үш бөлікке бөлінеді:

